

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ  
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Адастана

## Ақшамы

### 25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН  
ОЛЖАЛАҒАН

## Ұлы мерекенің ұлағаты

Елбасының 2016 жылғы 28 наурыздағы Жарлығымен «Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы» деп аталатын Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеу тұжырымдамасы және мемлекеттік комиссия мен оның құрамы бекітілген еді.

Игі жақсылар жиналған салмақты жиында бірінші сөз кезегін алған Гүлшара Әбдіхалықова тәуелсіздік мерекесі жайында тереңірек ой толғап, парасатты сөз өрбітті.



– Қастерлі тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық мерейтойы ел тарихындағы бетбұрысты кезең болмақ. Бұл бес институционалдық реформалар қарқынды жүзеге асыру кезеңіне сәйкес келді. Сонымен бірге әлемдік дағдарыстың салдары сезіліп тұрған күрделі уақытпен тұспа-тұс келіп отыр.

Дегенмен, Елбасы атап өткендей, Қазақстанның 25 жылда жеткен жетістігі қандай дағдарыстан да салмақтырақ. Мерейлі жыл еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін одан әрі нығайтып, халықты рухани-мәдени біріктіру арқылы сабақтастық пен прогрессивті дамуды қамтамасыз етуі керек. Тәуелсіздік жылдарында біз тарихи тұрғыда керемет жетістіктерге қол жеткіздік. Біздің Қазақстан – Ұлы дала Елі! Бұл – біздің ұлы мақтанышымыз, – деді Мемлекеттік хатшы.

Одан кейін жыл бойы атқарылмақ мәдени шаралар туралы ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы өз баяндамасында мерекелік тұжырымдаманың тиімді төрт негізге құрылғанын айтып өтті.

– Мерейтой – тұжырымдамалық-философиялық құндылық, тарихи, идеялық және халықаралық негізде аталып өтіледі. Маңызды құжатты іске асыру үш кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші, дайындық кезінде нормативтік-құжаттар бекітіліп, орталық және өңірлік деңгейдегі ұйымдастырушылық іс-шаралар өткізіледі. Екінші, әрбір айда тәуелсіздіктің жетістіктері мен мәңгілік ел құндылықтар аясында жоспарлар белгіленген. Онда 21 қараша мен 15 желтоқсан аралығындағы 25 күнде Тәуелсіздіктің 25 жетістігі атап өтілмек. Бұл күндері басты мерекелік шараларды өткізу жоспарланған. Үшінші, мерекеден кейінгі кезең. Мұнда еліміздің қол жеткізген негізгі жетістіктерін оңынан көрсетудің нәтижесін барынша орнықтыруды қамтамасыз ету қажет, – деді ол. ҚР Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешев ауқымды мерекенің ақпараттық-имидждік жоспарлары жайында сөз қозғады. ҚР Парламент Сенатының депутаты, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы, белгілі ақын Нұрлан Оразалин ұлтымыздың ұлы мерекесі мен тұжырымдама туралы айта келіп: «Тәуелсіздік мерекесі аста-төк емес, санаға жететіндей, көңілге қонатындай, жүректі тербейтіндей тойлану қажет. Бұл ел өміріндегі маңызды жиын болайын деп тұр. Биыл 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліске

жүз жыл толды. Әр аймақта орын алған көтерілістің барлығы маған азаттық жолы секілді көрінеді. Сондықтан, айтулы құжатқа елдің көкірегінде жүрген жанды ойды басатын азаттық жолы дейтін дүниені енгізсе деймін» деді. Академик Мұрат Жұрынов Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың мерейтойы туралы өз ойын білдірді. Халық қалаулылары Қуаныш Сұлтанов болса, алаш тұлғалары жайында сөз қозғаса, Бекболат Тілеухан ұлттық құндылықтарға тоқталды.

Сондай-ақ, отырыста ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеудің логотипі бекітілді.

Жиын соңында Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықова жоспарланып отырған іс-шараларды сапалы әрі уақытылы іске асыру қажеттігін атап өтіп, жұмысты әрі қарай ұйымдастыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Азамат Есенжол